

«Мемлекеттік аудит» білім беру бағдарламасының білім алушылары үшін «Ұлттық ресурстарды тиімді пайдалану» тақырыбында тренинг өткізілді

2024 жылғы 10 сәуірде ЖРН BR21882352 «Мемлекеттік аудитті дамытудың жаңа парадигмасы мен тұжырымдамасын, сапаны бағалау және басқару жүйесін жақсарту және ұлттық ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу» бағдарламалық-нысаналы жобасы шеңберінде Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де «Мемлекеттік аудит» білім беру бағдарламасының білім алушылары үшін «Мемлекеттік аудит» кафедрасының жобаға қатысушылары мен профессор-оқытушылар құрамы ұйымдастырған «Ұлттық ресурстарды тиімді пайдалану» тақырыбында тренинг өтті. Жоба жетекшісі э. ф. д., профессор, «Мемлекеттік аудит» кафедрасының меңгерушісі Сембиева Л. М. Тренингке «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және Esil University қатысты. Тренингте: Арман Турсуновна Бектурова, PhD докторы, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары «Өндірістік ресурстарды пайдалану тиімділігі» баяндама тақырыбымен, Жұлдыз Абзаловна Шанайбаева, FINPARK консалтингтік компаниясының негізін қалаушы «Қаржы ресурстарын пайдалану тиімділігі» баяндама тақырыбымен, Инга Николаевна Рюмкина, э.ф. к., Esil UNIVERSITY доценті, «Адам ресурстары Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің негізгі факторы ретінде: қалыптастыру және пайдалану стратегиялары» баяндама тақырыбымен баяндама жасады және олар өздерінің практикалық тәжірибелерімен бөлісті, білім алушы мен тренингке қатысушылар сұрақтар қойды, тренингте баяндалған тақырыптар барлық қатысушыларының қызығушылығын тудырды.



